

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда Министрлігі Инвестиция комитеті Төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п "Инвестициялар мемлекеттік қолдауының кейбір мәселелері туралы" бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар комитеті Төрағасының 2006 жылғы 3 қарашадағы N 83-п Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 11 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4451 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012.06.01 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Инвестициялық преференцияларды алуға арналған өтінімге қоса берілген құжаттарға қойылатын талаптарды жеңілдету мақсатында, 2003 жылғы 8 қаңтардағы N 373 "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19 бабы 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда Министрлігінің Инвестиция комитеті Төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п "Инвестициялар мемлекеттік қолдауының кейбір мәселелері туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2222 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және басқа мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2003 жыл, N 23-24, 850-бап, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4330 болып тіркелген, 2006 жылғы 18 тамызда N 151 (957) Заң газетінде жарияланған, "2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда Министрлігінің Инвестиция комитеті Төрағасының бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Инвестиция комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 шілдедегі N 54-п бұйрығымен өзгеріс енгізілді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік

көрсеткіштен асатын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық (2-қосымша);";

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық (3-қосымша).";

Көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік көрсеткіштен асатын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық";

осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық оны алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі
Инвестиция комитеті Төрағасының
2006 жылғы 3 қарашадағы
N 83-п бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі
Инвестиция комитеті Төрағасының
2003 жылғы 18 наурыздағы
N 18-п бұйрығымен бекітілген
3-қосымша

Тіркелген активтерге инвестициялар сомасы 60 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайтын инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын дайындау жөніндегі нұсқаулық 1. Инвестордың қысқа сипаттамасы

1. Заңды тұлғаның атауы.

2. Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні.

3. Заңды тұлға басшысының аты-жөні.

4. Заңды мекен-жайы, телефоны, факсы, электрондық поштасы.

2. Жобаның қысқа сипаттамасы

5. Жобаның атауы.
6. Жобаның негізгі мақсаттары.
7. Жобаның тікелей қатысушылары.
8. Жобаны іске асыру орыны (облыс, аудан).
9. Қысқаша мазмұны:
- 1) шығаруға ұсынылатын өнім;
 - 2) болжанатын жобаның сипаты: жаңадан құру, жаңғырту немесе қолданыстағы кәсіпорынды кеңейту.
10. Жобаны іске асыру құны, қаржыландыру көздері:
- 1) меншік қаражаты;
 - 2) заемдық қаражаттар (кредиттер немесе шаруашылық субъектілердің қаражаттарын тарту) және/немесе грант.
11. Жобаны іске асыру мерзімі - инвестицияларды жүзеге асыру сәтінен бастап _ ай (жыл).

3. Техникалық бөлім

12. Жобаның технологиясын қысқаша сипаттау, жабдық сатып алу.
13. Технологиялық шешімді іріктеудің негіздемесі.
14. Жобаны іске асыру кестесі:

мың теңге

Жұмыстардың атауы	Күнтізбелік жыл				Күнтізбелік жыл				Жалпы
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	
1.									
2.									
3.									
ЖИЫНЫ:									